

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

«Қазақстан студенттерінің Альянсы»

10.02.2017 ж. «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Республикалық студенттік қозғалысының колледж бойынша белсенді мүшелерінің ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік интернет қауіпсіздігі» атты іс-шараға Жамбыл облысы бойынша Альянс көшбасшысы А.Ж. Муратбаев қатысты. Студенттер өздерін мазалап жүрген сұрақтарды қойып, тыңғылықты жауап алды.




17.02.2017 ж. Жастар ресурстық орталығының және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д. Б. Уркимбаеваның ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үндеуін насихаттау мақсатында жастар флешмобы өткізілді.

12.02.2017 ж. Қ.Р Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үндеуін насихаттау мақсатында Жамбыл медициналық колледжінде «Конституциялық реформаларды ілгерілету бағдарламасын қолдау» атты жастар флешмобы ұйымдастырылды. Іс-шараны директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова ашты. Сонымен қатар іс-шараға БАҚ өкілдері қатысты.



«Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ұйымдастыруымен «Дін және қоғам» тақырыбында студенттермен кездесу өткізілді. Кездесуге Жамбыл облысы әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ-нің ақпараттық талдау және түсіндіру бөлімінің инспекторы Ж.Өзбекәлиев және «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ақпараттық дін проблемаларын талдау секторының меңгерушісі А.Кадралиев қатысып, іс-шара соңында материалдар таратып сауалнамалар алды.



21.02.2017 ж. «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ұйымдастыруымен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтар күні «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын жастар арасында кең көлемде насихаттау және түсіндіру мақсатында



18.02.2017 ж. «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Республикалық студенттік қозғалысының ұйымдастыруымен көшбасшылық қабілетті дамыту мақсатында «Мен көшбасшымын» атты семинар-тренинг өткізілді.

№42 орта мектебінде «Елбасы Жолдауы-ел дамуының асыл арнасы» атты кездесуге Жамбыл медициналық колледжінің 201 топ студенті Е.Қыпшақбаев оқушылармен кездесіп, сұрақтарына жауап берді.

02.02.2017 ж. 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиаданың Алау Эстафетасын ұйымдастыру мен өткізуге қосқан ерекше үлесі үшін Жамбыл медициналық колледжінің 201 топ Е.Қыпшақбаев, 217 топ Ә.Мұхат, 227 топ А.Ерланқызы Алғыс сертификаттармен марапатталды.



11.02-12.02.2017 ж. Астана қаласында Н.Ә.Назарбаев университетінің қабырғасында «Номад» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен Алаш қозғалысының 100-жылдығына орай «Көшпенділер көкжиегі» атты республикалық турнирге Жамбыл облысы бойынша 201 топ студенті Е.Қыпшақбаев қатысып, алғыс хатпен марапатталды. Студенттік кәсіподақ ұйымы қаржылай демеу көрсетті.



28.02.2017 ж. «1 наурыз – Алғыс айту күні» мерекесіне орай «Қазақ халқына мың алғыс!» атты кездесуге колледждің 101, 102, 109, 108 топ студенттерімен Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің директоры Е.Ж.Төлендиев, «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ақпараттық-дін проблемаларын талдау секторының меңгерушісі А.А.Кадралиев және «Ақ сұңқар» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Е.Есіркепов қатысып, мерекелені құттықтады.



17.02.2017 ж. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтар күні «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын жастар арасында кең көлемде насихаттау және түсіндіру мақсатында Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» ЖҚ-ның координаторы Ә.Әлменованың қатысуымен колледж студенттерімен кездесу өткізілді.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



№6 9 наурыз 2017 жыл бейсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



- Наурыз халықаралық әйелдер күні құтты болсын!

Әйел - сенің ақылшын

Сенікі ме, менікі ме сонау гүл,
Арман үшін жүрміз жазып алау жыр.
Жат біреуге бақыт болып туатын,
Әйелдерді еркелеткен жөн-ау бір.

Әйел сені, сен әйелді сүйгенсің,
Сен әйелден, әйел сенен сый көрсін.
Өз елінің ұлы болам деген жұрт,
Әйелдерге құл болуды үйренсін.

Әйел – сенің аспазың да күтушің,
Әйел барда биіксің де бүтінсің.
Әйел барда жалынсың – сен, отсың – сен,
Әйел жоқта бықсыған сен түтінсің.

Әйел, әйел – арман әні, жол әні,
Дүниенің кешкі қоңыр самалы,
Әйел сені құл қып алмай алдымен,
Құдай құлып көтермейді жоғары.

Әйел – сенің ақылшын да, айбарың,
Ол барында естімейсің қайғы әнін.
Әйел – сенің күзетшің де, сақшын да,
Әйел – сенің мерекен де, мейрамың.

Сыйла әйелді, жоғарыдан бер орын,
Көтер оның мерейі мен беделін.
Өз қызыңды сыйлағаның ол сенің,
Өз аңанды мәңгі құрметтегенің.

Тұманбай Молдағалиев

Құрметті Жамбыл медициналық колледжінің ханымдары, Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен ыстық ықыласпен құттықтаймыз! Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне асыл аналарымыз және ұлағатты ұстаздарымыздың өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Отбасының күнбе-күнгі шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп, әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді.



Баршаңызға мереке қайырлы, құтты болсын! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілейміз. Өмірдегі әйел жаққан шырақ сөнбесін!

№4 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК ұйымдастыруымен "Қыздар-ай" атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шараны колледж ардагері С.Қ.Қоңырова және директоры Ж.Н.Сарыбекова барша әйелдер қауымын мерекеленіп жүректен құттықтау сөздерімен ашты. Сонымен қатар колледж ұжымын А.М.Арынғазина және Т.В.Рудяк мерекелені құттықтап, шығармашылық табыстар тіледі. Іс-шарада әсем ән шырықалып, биленді. Колледж ұжымы көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

«Мейірбике ісі» бөлімі (кешкі бөлім) түлектеріне диплом беру рәсімі



«Мейірбике ісі» бөлімі (кешкі бөлім) бітіруші түлектерге «Жолың болсын, жас маман!» атты салтанатты диплом тапсыру рәсімі өткізілді. Салтанатты кеште колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова және директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова, кешкі бөлім меңгерушісі С.С.Тұрғымбекова бітіруші түлектерге болашақта сапалы маман болуға және үлкен жетістіктерге жетуге тілек білдірді.

Бүгінгі нөмерде:

- Халықаралық әйелдер күні
- «Жолың болсын, жас маман!»
- Ашық сабақтар және ашық іс-шаралар
- 21 ақпан-халықаралық ана тілі күні
- Психологиялық апталық
- Құттықтаулар
- Шебер класстар, акциялар, тренингтер
- «Тәрбие - білім негізі»
- «Қазақстан студенттерінің Альянсы»



Халықаралық әйелдер күні

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Ашық сабақтар

11.02.2017 ж. Балалар ауруы пәнінің оқытушысы Р.У. Джантасова «Емдеу ісі» бөлімі 420 топта «Менингококты инфекция. Вирустық гепатит А, В, С, Д, Е. Иммунизация» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: менингококты және вирустық гепатит инфекцияларының этиологиясын, патогенезын, диагностикасын, ем шараларын, олардың алдын алу түсінігін студенттерге жеткізу. Студенттерді өз мамандығын сүйеге, құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу. Сабақ жақсы деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



21.02.2017ж. Қазақ әдебиеті пәнінен «Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы» тақырыбы бойынша Әбденқұлова Б.Л. «Мейіргер ісі» бөлімі, 108 топ студенттерімен ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: қазақтың көрнекті ақыны Қ.Аманжоловтың суреттеген көркем образдарының, шығармаларының идеялық мазмұнын, оның көзқарасын ұғыну. Студенттердің танымдық, білімділік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау, өз ойларын қорытып, тұжырым жасай білу дағдысына үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, Қасым поэзиясы арқылы Отанды, туған жерді сүйеге, қастерлеуге, қайсарлыққа, табандылыққа, қаһармандылыққа тәрбиелеу. Сабақ мақсатына жетті және жақсы деңгейде өтті.

21.02.2017 ж. «Тіл тұғыры – ұлт ғұмыры» тақырыбында 21 ақпан – халықаралық ана тілі күніне арналған «Мейіргер ісі» бөлімі, 107 топпен ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Д. Б. Баяхмет ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: студенттердің ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру, достыққа, ынтымақтастыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу, өз ана тіліміздің қазіргі жағдайы туралы айту, ана тілімізді қастерлеуге, ата-бабамыздан қалған құндылық ретінде құрметтеуге үйрету. Ана тілі туралы, өлең, тапқақ, нақыл сөздер айту арқылы студенттердің сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту, ой-өрісін кеңейту. Ашық тәрбие сағаты өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.





22.02.2017 ж. Химия пәнінің оқытушысы А.С. Ташмаханбетова «Мейіргер ісі» бөлімі, 110 топ студенттерімен «Алкандар, гомологтық қатары, құрылысы, изомерленуі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Алкандардың физикалық, химиялық қасиеттері, алынуы, қолданылуын сипаттай білуге және оның химиялық қасиеттері туралы ақпарат беру арқылы білімдерін қалыптастыру, жүйелеп тереңдету. Алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру. Студенттердің білім – білік дағдыларын жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Студенттердің сабаққа деген ынтымақ арттыра отырып, олардың есте сақтау, жүйелеу, қорытындылау, өзіндік жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.



03.03.2017 ж. «Үздік фармацевт - 2017» және «Үздік медбике - 2017» және «Үздік фельдшер - 2017» колледжішілік байқауының I туры колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары К.Т.Андакулова, әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова және колледж әдіскері Л.К.Батаеваның қатысуымен өтті. Байқауға қатысушылардың арасында жеребе тастау арқылы олардың қатысу кезегі анықталды. Колледждің әкімшілік мүшелері қатысушы студенттерге сәттілік тіледі.



2017 жылғы ақпан айының 21-24 аралығында МКҚК "Түркістан медицина колледжінде" "Мейіргер ісі" бойынша тәжірибелік сабақтардың салмағын арттыру, оқу процесіне заманауи технологиялар мен менторлық қызметті енгізу және озық тәжірибе алмасу мақсатында On-line тәсілімен бірқатар ашық сабақтар өтті. Жамбыл медициналық колледжінің клиникалық пәндер оқытушылары және 4 курс студенттері ашық сабақтарды On-line тәсілімен көріп тамашалады.



ҚР «Тіл туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы нұсаналы индикатор мен нәтижелі көрсеткіштерді орындау мақсатында және Орталықтың бекітілген жарғысы негізінде Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тілдерді оқыту орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры Ж.А.Ізтұяқ бір жағынан, Сұраныс беруші колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова екінші жағынан, шартқа отырды. Осының негізінде колледждің 15 оқытушысымен ағылшын тілін үйрету мақсатында Орталықтың мұғалімі Б.С.Тулеуова аптасына 2 рет сабақ өткізеді.



20.02.2017 ж. 21 ақпан халықаралық ана тілі күні мерекесіне арналған «Ана тілі – мемлекет тірегі» атты Тіл фестивалі қалалық мәдениет үйінде өтті. Жамбыл медициналық колледж атынан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Д.Е.Жусупованың жетекшілігімен «Емдеу ісі» бөлімі 408, 419, 213 топтары және «Фармация» бөлімінің 230, 231 топ студенттері қатысып, бас жүлдені иеленіп қайтты.



Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Құттықтаймыз!

31.12.2016 ж. Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова және директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбекова «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта даярлау №130 Куәлікке ие болды.

Республикалық "ZIAT" ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастырумен "Менің болашақ мамандығым" атты қашықтықтан өткізілген студенттер арасындағы Республикалық сайысында "Мамандыққа алғашқы қадам" номинациясы бойынша II орынға ие болған Нұрланқызы Гүлдана және жетекшілері М.И.Тлеубаева, Б.А.Сағындықова дипломдармен марапатталды.



Республикалық "ZIAT" ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастырумен "Моя будущая профессия" атты қашықтықтан өткізілген студенттер арасындағы Республикалық сайысында II орынға ие болған А.Тюмин және жетекшісі К.Ж.Байбосынова дипломдармен марапатталды.

Республикалық "ZIAT" ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастырумен "Менің болашақ мамандығым" атты қашықтықтан өткізілген студенттер арасындағы Республикалық сайысында "Мамандыққа алғашқы қадам" номинациясы бойынша III орынға ие болған А.М.Абдреймова және жетекшісі Л.К.Батаева дипломдармен марапатталды.



Шебер класстар, акциялар, тренингтер



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру (алғашқы медициналық көмек көрсету) мақсатында Жамбыл медициналық колледжінің клиникалық пәндер оқытушылары 2017 жылдың 24 ақпанында шебер - класс өткізді.



Намазбай Ақшабаев атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушылары Жамбыл медициналық колледжінің Бғимаратына келіп, тағанысты. Оларға кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Жамбыл медициналық колледжі оқытушылары Намазбай Ақшабаев атындағы орта мектебінің 9 – 11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында үгіт - насихат жұмыстарын жүргізді және шұғыл жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша шеберлік - класс көрсетті.



15.02.2017 ж. Колледж оқытушылары Ж.Ш.Ибраев пен А.М.Ниязкулов студенттермен Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 28 жыл толуына орай, «Жауынгер - интернационалистер» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.



“Тәрбие - білім негізі”



23.02.2017 жылы А.С.Ташмаханбетова – Наркобекет комиссиясының төрайымы Д.Т.Тлеуғабылова – СӨС төрайымының ұйымдастыруымен I курс 105,107, 104 топ студенттерінің «Нашақорлықтың, уытқұмарлықтың алдын алу» тақырыбы



22.02.2017 жылы А.С.Ташмаханбетова – Наркобекет комиссиясының төрайымы, Д.Т.Тлеуғабылова – СӨС төрайымы ұйымдастыруымен, 2 курс 217, 2016 231 топ студенттерінің ГП №5 Жастар орталығынан А.Т.Жаршимбековамен «Нашақорлықтың, маскүнемдіктің алдын алу», «Зиянды әдеттер» тақырыптарында кездесу өтті.

бойынша ЖОНД Кулназаровамен, «Нашақорлық және ӘҚБҚ 442 бабы бойынша және жол ережесін сақтау» тақырыбы бойынша II Б ЖПҚ аға УПИ полиция майоры Альмухамедовпен, «Есірткі менің таңдауым емес» тақырыбы бойынша Жастар ресурстық орталығы Г.Еркебековамен кездесу өтті.

07.02.2017 жылы ДТҚБА Ж меңгерушісі Р.Б. Усенов пен Тараз қалалық ІІБ ЖПҚ аға инспекторы, полиция майоры Б.А. Альмухамедов облыстық прокуратураның 2016 жылғы 19 қазандағы №2-07070-16-13651 хатына



және облыстық білім беру басқармасының 2016 жылғы 24 қазандағы №01-3856 хатына сәйкес білім беру мекемелерінде қымбат бағалы смартфондар мен айфондар алып келмеу мақсатында рейд жасап, түсіндірме жұмыстар жүргізді.

24.02.2017 жылы «Өз болашағың өз қолыңда» тақырыбы бойынша Жастар ресурстық орталығы Г.Байтанаева, «Темекінің зияны. Нашақорлық - ғасыр дерті» тақырыбы бойынша ЖОСӨСҚМО М.О.Кейкиева, «Ішімдіктің зияны» тақырыбы бойынша ЖОСӨСҚМО М.О.Тулепбергенованың қатысуымен семинар өтті.

10.02.2017 жылы №1 мобильді топқа қарасты ЖПҚ базасында Облыстық «Кәметке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстық істердің картасы» атты бірлескен семинар-кеңес өтті. Кеңесте ҚР Бас прокуратурасының Жамбыл облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті басқармасының басшысы Т.Т. Нұрұнбетов, облыс прокурорының аға көмекшісі Е.Т. Куанышев және Облыстық ІІД ЖПҚ-ның ЮПБ бастығы Қ.Ж. Қалжановтар ойларын ортаға салды.




Психологиялық апталық

Колледждің белсенді студенттері және волонтерлар «Біз жемқорлыққа қарсымыз!», «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында үгіт насихат жүргізді. Акция барысында оқытушыларға, студенттерге таратпа қағаздар таратылды. Акция «Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде» семинар – тренингімен жалғасын тапты.



«Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде» тақырыбында семинар – тренингке ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы Е.Е.Әмірбеков және «Жастар Денсаулық Орталығының» әлеуметтік қызметкері Д.Б.Итқұлова, «Жастар Денсаулық Орталығының» психологы А.Т.Жарқымбекова, қалалық жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы А.А.Кадралиев қатысты.

14.02.2017ж. колледж психологтары А.Н.Оскенбаева, Н.Е.Мұхамодиева және әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаеваның ұйымдастыруымен, барлық колледж студенттерінің қатысуымен «Сенім. Болашақ.Өмір» атты акция өтті. Акцияның мақсаты: өмірде өзіне сенімді болуға, өзін табуға, алдына мақсат қоя білуіне, болашаққа жарқын көзбен қарауға, өз өмірін аса қымбат сыйлық ретінде бағалауға үйрету! барлық іс-шараларға студенттер мен оқытушылар қатысты, тілектермен ұсыныстарын жазды. Әр жазылған сұрақтар мен тілектер, ұсыныстар сарапталып, колледж студенттеріне жауап берілді.



17.02.2017ж. Колледж психолог Н.Е.Мұхамодиеваның ұйымдастыруымен «Біз салауатты өмір салтын қалаймыз» тренингі өтті. Тренингтің мақсаты студенттерді салауатты өмір салтымен таныстыру, өз өмірі, өзінің денсаулығы қымбат құндылық екені туралы ой тудыру, жаман әдеттердің адамның денсаулығына келтіретін кері әсері туралы айтып түсіндіру.


23.02.2017ж. Хирургия пәнінің оқытушысы және салауатты өмір салтын қалыптастыру комиссиясының мүшесі М.Л. Ералиев Жасөспірім қыздардың адамгершілік – жыныстық тәрбие мәселелері бойынша ақпараттандырылуы зерделеу мақсатында сауалнама жүргізді.



Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

«Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен студенттер арасында адамгершілік және тәрбиені күшейту және жасөспірім қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптары бойынша семинар өткізілді. Семинарға «ЖДО» психологы А.Т. Жаркымбаева және «Анатомия» пәнінің оқытушысы Д.Қ.Назар өз үлестерін қосты. Колледж психологтары, әлеуметтік педагог, салауатты өмір салтын қалыптастыру комиссиясының төрайымы және колледждің белсенді студенттерімен бірігіп, «Салауатты өмір салтын қолдаймыз!» ұранымен студенттерге үгіт насхат жүргізді, таратпа қағаздар таратты және түсіндірді. «Анатомия» пәнінің оқытушысы Д.Қ.Назар колледж студенттеріне осы тақырып бойынша дәріс оқып, бейнероликтер көрсетті.



24.02.2017ж. «Жастар арасында ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мамандармен кездесу өтті. Салауатты өмір салтын қалыптастыру комиссиясының төрайымы Д.Т.Глеуғабылова мамандармен кездесу өткізді. Кездесу ЖОСӨСҚМО гинекологы: Ш.Ш. Кенжина, ЖОСӨСҚМО валеологы Б.Б.Сарыбаеваның қатысуымен өтті.



03.02.2017ж. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағы Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Қасенова Светлана Рахметбаевна біздің кітапханамызға 72 дана медициналық және көркем әдебиет кітаптарын сыйға тарту етті. Кітапханашылар көрме ұйымдастырып, оқытушылар мен студенттерге библиографиялық шолу өткізді. Жамбыл медициналық колледж кітапханасында 2 электронды оқу залы, абонемент бар.

Электронды каталогта электронды кітаптар, электронды дәрістер жинағы, тестілік тапсырмалар жинағы бар. Жалпы кітап қоры 102312 дананы құрайды. Қазақ тілінде 50262 дана, оқулықтар 89483 дана, әдістемелік оқулықтар 6831 дана, көркем әдебиет 4876 дана, электрондық оқулықтар 1122 дана. Кітапханада кітап мәртебесін көтерумен қатар кітапхана қорын жаңа ғылыми басылымдармен, республикалық және жергілікті газет-журналдармен толықтырып отырылады, және келіп түскен баспасөз басылымдарын насихаттауда ай сайын шолу өткізіліп отырылады. Электронды оқу залында компьютерлердің барлығы ғаламтор жүйесіне қосылған. Ғаламтор жүйесін студенттер мен оқытушылардың еркін пайдалануына және олардың әлемдік білім деңгейіне инновациялық жолдармен даму мүмкіндіктеріне жағдай жасау, жаңашылдандыру бағыттарына интеграциялау ЖМК-ның алға қойған негізгі бағыттарының бірі болып саналады.

Жамбыл медициналық колледжі мүліктік кешен ретінде, 10 жыл мерзімге кейіннен сатып алу құқығымен, «Даримет» медициналық орталығы» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілгендігін және аталған серіктестікпен 2017 жылдың 10 ақпанында сенімгерлік басқаруға берілгенін хабарлаймыз.